

АУЫЛ ӘКІМДЕРІН ТІКЕЛЕЙ САЙЛАУ: ҚАЖЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Дастан
КОШЕРБАЕВ*

с.ғ.к., Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан, d.kosherbayev@apa.kz

Асемгуль
МУСАТАЕВА

PhD, доцент, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, Астана, Қазақстан, a.mussatayeva@apa.kz

Қолжазбаның редакцияға түскен күні: 01/03/2023

DOI: 10.52123/1994-2370-2023-1032

ӨЖ 324; 342.8

ҒТАХТК 11.15.87

Аңдатпа. Жаңа талаптарға сәйкес ауылдық округ әкімдері 2021 жылдан бастап алғаш рет халықтың тікелей қатысуымен сайлана бастады. Халық ауыл әкімдерін тікелей сайлау процесінен үлкен нәтижелер күтуде. Мақалада әлеуметтік сауалнама арқылы 2021 жылы жаңадан сайланған әкімдердің сайлау барысына және осыдан туындаған мәселелерге талдау жасалды. Зерттеу нәтижесі бойынша жасалған ұсынымдар ауыл әкімдерін тікелей сайлау үдерісін жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару институтын әрі қарай дамытуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері ауыл әкімдерін сайлаудың келесі кезеңдерін және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерін сайлауды ұйымдастыруда қолданыла алады.

Түйін сөздер: Сайлау, ауыл әкімдері, әкім, жергілікті өзін-өзі басқару.

Abstract. In accordance with the new requirements, direct elections of mayors of rural districts were held for the first time in 2021. The population expects great results from direct elections of rural akims.

Based on the results of a sociological survey, the article examines the procedural issues of holding direct elections and the problems that have arisen in this regard. The recommendations developed based on the results of the study are aimed not only at improving the process of holding direct elections of rural akims, but also at further development of the institute of local self-government.

The results of the study can be used in organizing the next stages of the elections of rural mayors and the elections of mayors of districts and cities of regional significance.

Keywords: rural akims, elections, akims, local self-government.

Аннотация. В соответствии с новыми требованиями в 2021 году впервые прошли прямые выборы акимов сельских округов. Население ожидает больших результатов от прямых выборов сельских акимов.

В статье на основе результатов социологического опроса рассматриваются процедурные вопросы проведения прямых выборов и возникшие в связи с этим проблемы. Рекомендации, выработанные по результатам исследования, направлены не только на совершенствование процесса проведения прямых выборов сельских акимов, но и на дальнейшее развитие института местного самоуправления.

Результаты исследования могут быть использованы при организации следующих этапов выборов сельских акимов и выборов акимов районов и городов областного значения.

Ключевые слова: сельские акимы, выборы, акимы, местное самоуправление.

Кіріспе

Жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекет және азаматтық қоғам институттарының дамуымен байланысты көп сатылы және серпінді үдеріс ретінде қалыптасуы Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 28 қарашадағы

№ 438 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту тұжырымдамасында көрініс тапты.

2013-2020 жылдары жоғарыда аталған тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдық округтердің,

* Хат-хабарларға арналған автор: Д. Кошербаев, d.kosherbayev@apa.kz

ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттер мен ауылдардың әкімдерін тиісті аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың мәслихаттарымен сайлау енгізілді. Алайда, 2013 жылы ауылдық округтер әкімдерінің жанама сайлауын өткізу халықтың азаматтық белсенділігін арттыруға толық ықпал еткен жоқ. Яғни, ауыл азаматтарының ауылдың қоғамдық өміріне белсенді қатысуы сол жердің әлеуметтік-экономикалық жай-күйінің сапалы өзгеруіне тәуелді құбылыс. Сондықтан, аталмыш шешімдер ауыл өмірінің сапалы өзгеруіне айтарлықтай әсерін бермеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу туралы нақты тапсырма берді [1]. Бұл бастама жергілікті өзін-өзі басқару институтын дамыту арқылы мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруға қатысты негізгі саяси реформалар пакетін дәйекті іске асыруға бағытталған қадам болды.

Еліміздегі жергілікті өзін-өзі басқаруды реформалау бірқатар стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған:

- біріншіден, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлауды ашық мемлекеттік басқару қағидаты және «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыруға бағыттау;

- екіншіден, азаматтардың ауыл-аймақтарды дамытуға және жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуге қатысуын кеңейту;

- үшіншіден, атқарушылық және заңнама өкілеттіктерін төменгі сатыдағы мемлекеттік басқаруға кезең-кезеңімен беру;

- төртіншіден, ауыл әкімдерін тікелей сайлау кезінде партиялардың өкілеттіктерін кеңейту арқылы саяси бәсекелестікті дамыту [2].

ҚР Үкіметі жоғарыда аталған Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық жоспардың 139 және 140 тармақтары шеңберінде ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерін (бұдан әрі – ауыл әкімдері) тікелей сайлауды енгізу жөніндегі заң жобаларын әзірледі [3].

2021 жылдың 24 мамырында Мемлекет басшысы ауыл әкімдерін тікелей

сайлауды енгізу мәселелері бойынша заң жобаларына қол қойды:

- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы № 41-VII ҚРЗ;

- «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» № 42-VII ҚРЗ.

Жаңа талаптарға сәйкес өкілеттік мерзімдері аяқталған әкімдер тікелей дауыс беру арқылы сайланатын болды. Осылайша, халықтың тікелей сайлауы арқылы мемлекетті басқаруға қатысу қағидаты 2021 жылғы 25 шілдеде алғаш рет ауылдық округ әкімдерін тікелей сайлау арқылы жүзеге асты. Мамандардың айтуынша дауыс беруге 1 млн. 200 мыңнан астам адам қатысқан. Бұл сайлаушылардың жалпы санының 13% құрады [4]. Халықтың ауыл әкімдерін тікелей сайлап қою жаңашылдығынан үлкен нәтижелер күтетіндігі сөзсіз.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізгі нәтижелері Google формасындағы социологиялық интернет-сауалнама әдісін қолдану арқылы алынды. Сауалнама 2021 жылдың 1 қазаны мен 20 қарашасы аралығында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қолданбалы зерттеулер институты жүргізді. Сауалнамаға 14 облыстан жаңа сайланған 520 әкім қатысты, бұл сол уақытта сайланған ауыл әкімдердің жалпы санының 68% (763) құрады.

Сауалнамаға қатысқан ауыл әкімдерінің жас ерекшелігіне келсек: 25-29 жас аралығындағылар – 9%; 30-49 жас аралығындағылар – 57%; 50-59 жас аралығындағылар – 28%; 60 жас және одан жоғарылар – 6% құрады. Респонденттер арасында гендерлік теңсіздік байқалады, сауалнамаға қатысқандардың 15% әйелдер, 85% ер адамдар.

Сауалнамаға қатысқан ауыл әкімдерінің ішінде педагогика (29%), экономика (26%), заңгер (21%) мамандықтарының өкілдері басым. Сұралғандардың төрттен бірін техникалық (13%), ветеринария (3%), ауыл шаруашылығы (3%) мамандықтарының өкілдері құрады. Қалған 5%-ы әртүрлі

мамандықтардың өкілдері: филология, саясаттану, психология, зоотехника, ақпараттық жүйелер, музыка, медицина, мемлекеттік және жергілікті басқару
Нәтижелер және талқылау


Сауалнама нәтижесі бойынша сайланған ауыл әкімдердің басым бөлігі халық саны 1000-нан 5000 тұрғынға дейін және бюджеті жылына 10 000 000 теңгеден аспайтын ауылдардан (1-кесте).

Кесте 1 – Халық саны және ауыл бюджеті (адам %)

Ауыл тұрғындары				
500-1000 тұрғын	1000-5000 тұрғын	5000-10000 тұрғын	10000-45000 тұрғын	свыше 45000 тұрғын
202(39%)	244 (47%)	41 (8%)	32 (6%)	1
Ауылдың жылдық бюджеті				
жылына 500 000 – 10 000 000 тенге	жылына 10 000 000 – 30 000 000 тенге	жылына 30 000 000 – 50 000 000 тенге	жылына 50 000 000 – 100 000 000 тенге	жылына 100 000 000 тенгеден жоғары
75 (14%)	64 (12%)	38 (8%)	55 (11%)	288 (55%)

Белгілі болғандай, әкім ретінде жұмыс тәжірибесі бар азаматтар сауалнамаға қатысқандардың тең жартысына жуықтауын құрайды. Сайланған әкімдердің 43%-ы «Иә, мен осы жылы ауыл әкімдерін сайлау кезінде жұмыс істеп тұрған ауыл

әкімі болдым» деп жауап берген (1-сурет). Яғни, сайланған ауыл әкімдердің біршама бөлігі бұрын соңды әкім болғандар және тәжірибесі барлар. Бұл бір жағынан құптарлық нәрсе болса, екінші жағынан жаңа адамдардың жоқтығын көрсетеді.



Сурет 1 – Сіз осы жылы ауыл әкімдерін сайлауға дейін бұрын әкім қызметін атқардыңыз ба? (%)

Қалай дегенмен ауыл әкімдерін сайлап қою өз білімі мен күшін ауылды көркейтуге және жаңашылдықтарды әкелемін дегендерге жол ашты. Дегенмен, демократиялық үдерістердің нәтижелілігі демократиялық институттар мен құндылықтардың қоғамда тамырын кең жайуына байланысты. Демократияның негізгі алғышарттарының бірі болып табылатын демократиялық институттардың қалыптасуы екі жақты күрделі үдеріс. Бір жағынан, демократиялық қоғамның қалыптасуы мен қызмет етуі социум


өзгерте алмайтын объективті тарихи үдеріс болса. Екінші жағынан, демократиялық институттар жүйесінің қалыптасуы мен тиімді қызмет етуі азаматтар мен әлеуметтік топтардың саяси белсенділігімен айқындалады. Бұған ауыл әкімдерін сайлау шарасына халықтың қатысу деңгейі мен үміткерлердің қатарының көп болуын жатқызуымызға болады.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы бойынша ауылдық округ әкімінің халықтың проблемаларын жете

білуі, сайланған ауылда тұруы, сол жердің қиындықтарымен жақсы таныс болуы шарт. Ауыл әкімдерін сайлаудың басты мақсатының бірі де осы. Сайланған әкімнің ауыл тұрғындарының мәселелеріне қанық болуы ауылда қордаланған мәселердің нәтижелі шешілуіне ықпал ететіндігі сөзсіз.

Сауалнаманың нәтижесінен байқайтынымыз, сайланған әкімдердің 77% ауылдық округтің тумалары екендігін және сол ауылдық округте тұратындығы (2-сурет). Қалған 23%-ның сайланған ауыл


аймағына қатысы жоқ. Алайда бұл аталған әкімдердің өздері сайланған аймақтың әлеуметтік-экономикалық мәселелерін, тұрғындардың мұң-мұқтажын білмейді дегеніміз емес. Керісінше сырттан жаңа келген адамға ауыл аймағында қордаланған мәселелер бірден көзге түсуі мүмкін және оларды шешу «жеңілдеу» болатын шығар. Себебі, сырттан келген адамда таныстық, туыстық «шектеулер» болмайды.



Сурет 2 – Сіз әкім болып сайланған ауылдық округтің тумасы немесе тұрғынысыз ба? (%)

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың пікірінше: «Партиядан үміткер ұсыну мемлекеттің институционалдық тұтастығын бекемдей түседі және саяси үдерістің барынша ашық болуына септігін тигізеді» [5]. Сауалнамаға қатысқан жаңа сайланған әкімдердің ішінде 381-і саяси партиялардың атынан түскендер, 114-і өзін-өзі ұсынушылар, 25-і аудан әкімі ұсынғандар (3-сурет). Байқағанымыздай, өзін-өзі ұсынушылардың қатарының аз


еместігі. Бұл үдерістің сайлаудан сайлауға арта түскендігі жақсы. Осындай саяси бәсекенің орын алуы өз кезегінде саяси партиялардың «сапалық» өзгеруіне әкеліп, қатарына белсенді жаңа тұлғаларды тартуға деген құлшынысын арттырары сөзсіз. Ал, өзін ауыл әкімі ретінде жақсы танытқан партия мүшесіне немесе өзін-өзі ұсынған тұлғаға әрі қарай көтерілуге жол ашылады. Бұл әлеуметтік лифтінің бір түрі деуімізге болады.



Сурет 3 – Сіз ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне ұсынылғансыз (%)

Сауалнамадан байқайтынымыз, сайланған ауыл әкімдерінің басым көпшілігі (466 адам) әкім болуға ұмтылыстарының себебі ретінде «туған ауылын дамытуға деген ниет» деп көрсеткен (4-сурет). Ауыл әкімдерінің 4 жылға сайланатынын ескерсек, лауазымда болу ұзақтығы екі мерзіммен шектелгендігіне қарамастан, 8

жылдық мерзім сайлау алды бағдарламасында қойған міндеттерді орындауға жеткілікті. Толық екі мерзім отырмай, тұрғындар алдында қойған міндеттерін толық орындаған және өзін кәсіби тұрғыда жақсы көрсете алған әкімнің мансабы тез өсетіндігі сөзсіз.




Сурет 4 – Әкім қызметін атқаруға деген ынтаның себебі неде? (%)

Сайлау - әр елдің саяси өмірінің ең бір маңызды факторы болып табылады. Яғни, сайлау – демократияның ең маңызды институты, халықтың еркін білдірудің және оның саяси үдеріске қатысуының басты нысандарының бірі [6]. Сайлауды ұйымдастыру және өткізу көп ресурс пен уақытты қажет етеді.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдігіне үміткерлерді іріктеу рәсімінің өзі шамамен 40 күнді алады және мынадай кезеңдерді қамтиды: үміткерлерді тіркеу; үміткерлерді тексеру; арнайы тексеру; үгіт; сайлаудың өзі; қорытындылау; сайланған әкімдерді тіркеу.


Әкім лауазымына үміткерлер үшін бекітілген заң шеңберінде белгілі бір талаптар қойылады. Елімізде ауыл әкімдерін тікелей сайлау алғаш рет өткізілуіне байланысты біз үміткерлерге қойылатын талаптарға қатысты сайланған әкімдерге сұрақтар қойған болатынбыз. Мәселен, «Әкімдердің кандидатурасына қойылатын талаптарды қалай бағалайсыз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 89% - ы «жеткілікті» деп жауап берсе, респонденттердің қалған 5%-ы «шамадан тыс артық» және 6%-ы «жеткіліксіз» деп көрсеткен (5-сурет).



Сурет 5 – Әкімдердің кандидатурасына қойылатын талаптарды бағалаңыз (%)

Сауалнама нәтижесі бойынша көптеген респонденттер ауыл әкімдігіне үміткерлерге қойылатын талаптардың ішінен білім беру цензын алып тастау қажет деп көрсеткен (6-сурет). Алайда, «Әкімнің

қандай мамандықтың иесі болуы маңызды ма?» деген сұраққа респонденттердің 43% маңызды деп, 49% маңызды емес деп жауап берген (7 – сурет).



Сурет 6 – Сіздің ойыңызша, қандай талаптарды алып тастау керек?

Айта кету керек, ауылда көп жағдайда адамдар орта-арнайы білімге ие, ал жоғары білімнің болуы болашақ әкімдердің жақсы басқару дағдыларына кепілдік бермейді. Оның үстіне көптеген мамандардың айтуынша бүгінгі таңда мемлекеттік қызметшілердің, оның ішінде әкімдердің бойында икемді дағдылардың (soft skills) болуы маңызды. Икемді дағдыларды (soft skills) төрт топқа бөлуге болады:


1) өзін-өзі басқару дағдылары – уақытты, үдерістерді бақылауға көмектеседі;

2) коммуникативтілік дағдылары – өзге адамдармен қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі және көпшілік алдында сөйлей алады;

3) басқарушылық дағдылар – бизнес-процестерді басқара білу, топтарға жетекшілік ете білу;

4) тиімді ойлау дағдылары – өмір мен жұмысты жүйелендіруге көмектесетін бастағы ойды басқару [7].

Ауылды жерде жұмыс істейтін әкімдерде икемді дағдылар мен өзіне қажетті мамандықтың болуы маңыздырақ. Ауыл әкіміне үміткерлер үшін жоғары білімнің болуы маңызды емес, орта-арнайы білімі болса жеткілікті деп есептейміз. Бұл әкімге үміткерлердің қатарының артуына септігін тигізеді және орта-арнайы білімі ғана бар, бірақ тәжірибесі мол азаматтарға жол ашады.




Сурет 7 – Сіз қалай ойлайсыз, әкімнің қандай мамандық иесі болатыны маңызды ма? (%)

«Қазақстан Республикасы сайлау туралы» Конституциялық заңның 27-бабы 2-тармағының талаптарына сәйкес сайлау алдындағы үгіт үміткерлер тіркелген мерзімі аяқталған кезден басталып, сайлау болатын күннің алдындағы күнгі жергілікті уақыт бойынша нөл сағатта аяқталады [8]. Сондай-ақ жоғарыда айтылған заңының 28-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекет үміткерлерге өз бағдарламаларымен шығу үшін қаражаттың тең бөлінуіне кепілдік береді. Алайда, сауалнамаға қатысқандардың 7% - ы осы мақсатта қаражаттың бөлінбегендігін көрсеткен (8-сурет).

Респонденттердің басым көпшілігі (76%) бұқаралық ақпарат құралдарында өз бағдарламаларымен сөйлеуге бөлінген қаражат жеткілікті деп санайды және сауалнамаға қатысқандардың 17% - ы үшін қаражат жеткіліксіз болып шықты.

Ауыл әкімдігіне үміткерлерге халықпен кездесіп, өз бағдарламасын кеңінен таныстырып, үгіт-насихат шараларын жүргізу үшін бар жоғы 10 күн берілген [9]. Тұрғын саны аз ауылдық округтер үшін берілген уақыт жеткілікті шығар. Ауылдық округтердің халқы 15-40 мың адамға жететін аймақтар үшін бұл уақыт жеткіліксіз.


Осыдан туындайтын өзекті мәселе, сайлауға түсетін үміткерлерді алдын ала оқыту болып табылады. Себебі, қаражат бөлінбеді деп жауап бергендердің басым көшілігі ондай қаражаттың заңмен қарастырылғандығын білмеуі де мүмкін. Сондықтан тек сайлауды ұйымдастыратындардың біліктілігін арттырып қана қоймай, сайлауға түсетіндерді де сайлау туралы негізгі ақпаратпен таныстырған дұрыс сияқты.



Сурет 8 – Сіздің ойыңызша, өз бағдарламаларымен бұқаралық ақпарат құралдарына шығу үшін бөлінген қаражат жеткілікті ме? (%)

Сайлау науқаны кезінде жұмыстан босату мәселесі көптеген үміткерлер үшін өзекті болып табылады. Елімізде тікелей сайлау алғаш рет өткізілгендіктен, көпшілік үміткерлердің сайлау өткізудің рәсімдік мәселелерін білметіндігі немесе жете таныспағандығы байқалады. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 47-бабының 1-тармағына сәйкес үміткерлердің сайлауға қатысқан уақыты тіркелген күнге дейін оның жұмыс істеген мамандығы бойынша еңбек стажына есептеледі [8]. Сауалнама

нәтижелері тағы да үміткерлердің сайлау туралы заңды білмейтіндігін көрсетті. «Сайлау алдындағы науқан кезеңінде Сіз жұмыстан босатылдығыз ба, егер иә болса, онда сіздің сайлауға қатысу уақытыңыз еңбек өтіліне есептелді ме?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылардың 10% – ы «босатылмадым», ал 13% – ы «босатылдым, бірақ еңбек өтіліне қатысу уақыты енгізілмеді» деп жауап берген (9-сурет). Бұл сайлауға түсушілерді алдын ала сайлау туралы заңмен таныстыру керек екендігінің тағы бір дәлелі.



Сурет 9 – Сайлау алдындағы науқан кезеңінде Сіз жұмыстан босатылдыңыз ба, егер иә болса, онда сіздің сайлауға қатысу уақытыңыз еңбек өтіліне есептелді ме? (%)


2017 жылға дейін Қазақстанның бюджеттік жүйесі 3 деңгейден тұрды. 2018 жылдан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес төртінші деңгейдегі бюджет енгізілді.

Жалпы заңға сәйкес ауылдық округтер әкімдіктері бюджетінің кіріс бөлігінің алты көзі бар:

- 1) Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан алынатын жеке табыс салығы;
- 2) Жеке және заңды тұлғалардың көлік салығы;
- 3) Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- 4) Жеке және заңды тұлғалардан алынатын жер салығы;
- 5) Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде сыртқы көрнекі жарнаманы орналастырғаны үшін төлемақы;

6) Салықтық емес төлемдер: мемлекеттік мүлікті мүлтік жалдаудан түскен кірістер; коммуналдық меншікті сатудан түскен кірістер; жеке және заңды тұлғалардың ерікті алымдары; айыппұлдар.

Төртінші деңгейлі бюджетті енгізу туралы сөз 2018 жылда бері көтерілгенімен, тек 2020 жылдан бастап жүзеге аса бастады. Төртінші деңгейлі бюджеттің енгізілуі ауылдық округтердің қаржылық мүмкіндіктерін кеңейтуге және ауыл бюджетіне салықтық және салықтық емес түсімдер алу арқылы жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін күшейтуге тиіс болды. Ауылдық округтердің аз ғана бөлігі өз шығындарын өздерінің кіріс көздерінен өтей алады. Ресми мәліметтер бойынша, ауылдық округтердің басым көпшілігі жоғары тұрған трансферттерге тәуелді. Бұл сауалнама нәтижелерімен де расталады. Мәселен, сауалнамаға қатысқан әкімдердің 62% - ы (төртінші деңгей) бюджет ауылды дамыту үшін жеткіліксіз екендігін көрсетеді (10-сурет).



Сурет 10 – Ауылдың бюджеті (төртінші деңгей) оны дамыту үшін жеткілікті деп ойлайсыз ба? (%)


Бүгінгі таңда жергілікті өзін-өзі басқарудың кірістері салық түсімдерінің бес түрінен қалыптасады. Қазақстан Республикасында жергілікті өзін өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасында салықтық және салықтық емес төлемдердің қосымша түрлерін беру арқылы 2022 жылдан бастап жергілікті өзін өзі басқарудың салық салынатын базасын кеңейту көзделген:

- бірыңғай жер салығы;
- жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

- жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

- жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің басым көпшілігі (74%) бұл шара жергілікті өзін-өзі басқарудың қаржылық тәуелсіздігін арттыруға және ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын күшейтуге мүмкіндік береді деп есептейтінін көрсетті (11-сурет).



Сурет 11 – 2022 жылдан бастап қосымша салықтық және салықтық емес түсімдерді 4-деңгейлі бюджетке беру Сіздің ауылыңыздың проблемаларын қаншалықты шешеді деп ойлайсыз? (%)

Экономикалық тұрғыдан өзін өзі қамтамасыз ете алатын ауылдық округтардың болашағы айқын болады. Ауылдың әлеуметтік-экономикалық келбетінің өзгеруі екі жақты үдеріс. Бір жағында үкімет тарапынан жасалатын экономикалық бағдарламалардың тиімділігі тұрса, екінші жағында ауыл тұрғындарының өзгерістерге деген құлшынысы мен экономикалық және қоғамдық белсенділігіне байланысты.

Қорытынды

Ауылдың гүлденіп, көркеюі қазіргі таңдағы жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін реформалаудың нәтижелілігіне байланысты. Ауылдың бүгінгі жаңашыл өзгерістерден тысқары қалмай, саяси реформалармен ілесе дамығаны маңызды. Қазіргі жүріп жатқан саяси-экономикалық реформалар осының көрінісі.

Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасауға болады.

Біріншіден. Алғашқы кең көлемде ауыл әкімдерін сайлау болғандықтан сайланған әкімдер сайлау рәсімдеріне қатысты бірқатар ойларын байқауға болады. Әсіресе ауыл аймақтың тұрғындарының санын ескере отырып, үгіт-насихат жұмыстарына көбірек уақыттың берілуі өзекті мәселе. Сонымен қатар үміткерлерге міндетті түрде жоғары білімінің болуы талаптарын алып тастау. Бұл әкімдікке үміткер ретінде жергілікті тәжірибелері мол, ауылдың өзекті мәселелеріне қанық тұлғалардың келуіне жол ашады деп ойлаймыз.

Екіншіден. Ауыл әкімдерін сайлаудың басты мақсаты ауылдың әлеуметтік-экономикалық әлауқатын арттыру. Ол үшін ауылдық округ әкімдерінің өкілеттіктері мен ауылдық бюджеттің қаржылық

мүмкіндіктерін күшейту қажет. Біздің ойымызша осы бағытта мынадай өзгерістер жасау қажет: бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдерді кеңейту; жергілікті қоғамдастықпен бірлесіп жер, егістік, шабындық бөлу жөніндегі өкілеттіктерді беру; бірінші қажеттілік өнімдерінің бағаларын реттеу жөніндегі өкілеттіктерді беру; жергілікті маңызы бар мәселелерді шешуде көбірек дербестік беру; әкім аппаратының балансында арнайы техниканы иелену бойынша өкілеттіктер беру.

Үшіншіден. Үміткерлер үшін арнайы сайлау заңы бойынша онлайн (офлайн)

семинарлар ұйымдастыру. Бұл сайлау үдерісінің заң талаптарына сай және үміткерлердің өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға септігін тигізеді.

Аталмыш ұсынымдардың қаншалықты маңызды екендігін уақыт көрсетеді. Ауыл әкімдерін сайлаудың екінші кезеңі жүріп жатыр және аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өткізу көзделуде. Ауыл әкімдерін сайлаудан басталған тың өзгерістер әлі де өзінің жемісін берері сөзсіз. Біздің зерттеу жүріп жатқан саяси реформалардың тиімді жүзеге асуын жақсартуға бағытталған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі [Мәтін]: Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы Жолдау // Әділет. - 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (қаралған күні: 23.12.2022).
2. Бейсенбаев О. Ауыл әкімін сайлау – жергілікті басқарудың реформасы / О. Бейсенбаев // Strategy 2050 аналитикалық-шолу порталы. - 2021. URL: <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/> (қаралған күні: 24.12.2022).
3. Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы [Мәтін]: Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 413 Жарлығы // Әділет. - 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413> (қаралған күні: 23.12.2022).
4. Салькова Н. Итоги выборов сельских акимов подвели в Казахстане / Н. Салькова // Хабар 24. - 2021. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/489011-itogi-vyborov-selskikh-akimov-podveli-v-kazakhstane> (қаралған күні: 23.12.2022).
5. Сафарғалиева М. Выборы сельских акимов как новый импульс политическим реформам / М.Сафарғалиева // Казинформ. - 2021. URL: https://www.inform.kz/ru/vybory-sel-skih-akimov-kak-novyy-impul-s-politicheskim-reformat_a3806979 (қаралған күні: 24.12.2022).
6. Әуелғазина Т.Қ. Жеке тұлғаны саяси әлеуметтендіру // Саясат. – 2005. – №9. – Б. 62-64.
7. Одегов Ю.Г., Абдурахманов К.Х., Котова Л.Р. Оценка эффективности работы с персоналом: методологический подход. – М.: Альфа–Пресс, 2011. – 747 с.
8. Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы [Мәтін]: Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық заңы // Әділет. - 1995. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (қаралған күні: 24.12.2022).
9. Серікұлы Ә., Аманбаев Б. Ауыл әкіміне үміткерлердің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары басталды / Ә. Серікұлы, Б. Аманбаев // Qazaqstan. – 2021. URL: <https://qazaqstan.tv/news/143272/> (қаралған күні: 12.12.2022).

REFERENCES

1. Zhana zhagdajdagy Qazaqstan: is-qimyl kezzeni [Text]: Memleket Basshysynyn 2020 zhylygy 1 qyrkyjektegi Qazaqstan halqyna Zholdauy Zholdau // Adilet. - 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (qaralghan kuni: 23.12.2022).
2. Bejsenbaev O. Auyl akimin sajlau – zhergilikti basqarudyn reformasy / O. Bejsenbaev // Strategy 2050 analitikalyq-sholu portaly. - 2021. URL: <https://strategy2050.kz/news/auyl-kimin-saylau-zhergilikti-bas-arudy-reformasy/> (qaralghan kuni: 24.12.2022).
3. Memleket basshysynyn 2020 zhylygy 1 qyrkyjektegi "Zhana zhagdajdagy Qazaqstan: is-qimyl kezzeni" atty Qazaqstan halqyna Zholdauyn iske asyru zhonindegi sharalar turaly [Text]: Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylygy 14 qyrkyjektegi № 413 Zharlygy // Adilet. - 2020. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000413> (qaralghan kuni: 23.12.2022).
4. Sal'kova N. Itogi vyborov sel'skikh akimov podveli v Kazahstane / N. Sal'kova // Habar 24. - 2021. URL: <https://24.kz/ru/news/policy/item/489011-itogi-vyborov-selskikh-akimov-podveli-v-kazakhstane> (qaralghan kuni: 23.12.2022).

5. Safargaliev M. Vybory sel'skih akimov kak novyj impul's politicheskim reformam / M.Safargaliev // Kazinform. - 2021. URL: https://www.inform.kz/ru/vybory-sel-skih-akimov-kak-novyiy-impul-s-politicheskim-reformam_a3806979 (qaralghan kuni: 24.12.2022).

6. Auelgazina T.Q. Zheke tylgany sayasi aleumettendiru [Political socialization of the individual]. // Sayasat. – 2005. – №9. – B. 62-64.

7. Odegov YU.G., Abdurakhmanov K.KH., Kotova L.R. Otsenka ehffektivnosti raboty s personalom: metodologicheskii podkhod [Evaluation of the effectiveness of work with personnel: a methodological approach].– M.: Al'fa–Press, 2011.

8. Qazaqstan Respublikasyndagy sajlau turaly [Text]: Qazaqstan Respublikasynyn 1995 zhylgy 28 qyrkujektegi N 2464 Konstituciyaalyq zaңy // Adilet. - 1995. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464_ (qaralghan kuni: 24.12.2022).

9. Serikyly Ə., Amanbaev B. Auyl akimine ymitkerlerdin sajlaualdy ygit-nasihat zhymystary bastaldy / A. Serikyly, B. Amanbaev // Qazaqstan. – 2021. URL: <https://qazaqstan.tv/news/143272/> (qaralghan kuni: 12.12.2022).

ПРЯМЫЕ ВЫБОРЫ СЕЛЬСКИХ АКИМОВ: НЕОБХОДИМОСТЬ И ПРОБЛЕМЫ

Дастан КОШЕРБАЕВ, к.полит.н., Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, d.kosherbayev@apa.kz

Асемгуль МУСАТАЕВА, PhD, доцент, Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан, a.mussatayeva@apa.kz

DIRECT ELECTIONS OF RURAL AKIMS: NECESSITY AND PROBLEMS

Dastan KOSHERBAYEV, Candidate of Political Sciences, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: d.kosherbayev@apa.kz

Assemgul MUSSATAYEVA, PhD, Associate Professor, Academy of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, e-mail: a.mussatayeva@apa.kz